

2024 жылғы қаңтар-шілдедегі жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімдерін өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-шілде кезеңінде 53,3 млрд. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 18,3%-ға жоғары. Қарастырылып отырған кезеңде саланың НКИ көрсеткіші 125,1% құрады.

НКИ ұлғаюы тауарлардағы өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты: өзге де жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (кереуеттер мен шкафтардан басқа) 33,8%-ға; кеңсе ағаш жиһазы – 28,4%-ға; ас үй жиһазы – 16%-ға; асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз – 13,3%-ға ұлғайды.

Жиһаз өнімдерін тұтынудың ішкі нарығы 2024 жылғы қаңтар-маусымда 298,9 млн. АҚШ долларын құрады. 2024 жылғы қаңтар-маусымда отандық өндірістің үлесі 31,1% құрады.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің экспорты 2024 жылғы қаңтар-маусымда 6 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 15,5%-ға төмен.

2024 жылғы қаңтар-маусымда жиһаз саласы экспортының тауар құрылымында негізгі көлем мынадай тауарларға тиесілі болды: өзге де металл жиһаз (2 818,5 мың АҚШ доллары), өзге де ағаш жиһаз (477,9 мың АҚШ доллары), отыруға арналған өзге де жиһаз (440,5 мың АҚШ доллары), пластмассадан жасалған жиһаз (439,8 мың АҚШ доллары), мекемелерде пайдаланылатын металл типті жиһаз (231,2 мың АҚШ доллары) және т.б.

Жиһаз өнімдері экспортының көлемі Ресейге (37% немесе 2 228 мың АҚШ доллары), Өзбекстанға (27,2% немесе 1 638,3 мың АҚШ доллары), Қырғызстанға (12,2% немесе 735,1 мың АҚШ доллары) және т. б. жіберілді.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің импорты 2024 жылғы қаңтар-маусымда 205,9 млн. АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 25,9%-ға жоғары.

Тауар құрылымында импортталатын жиһаз өнімдерінің ең көп көлемі мынадай тауарларға тиесілі: өзге де ағаш жиһаз (45 019 мың), өзге де металл жиһаз (22 987,5 мың АҚШ доллары), өзге де ағаш қаңқалы отыруға арналған жиһаз (21 695,7 мың АҚШ доллары), жатын бөлмесіне арналған ағаш түріндегі жиһаз (16 429,7 мың АҚШ доллары), металл жақтауы бар отыруға арналған жиһаз (10 780,6 мың АҚШ доллары) және т.б.


Импортталатын жиһаз өнімдерінің негізгі көлемі Ресейден (63,3 млн. АҚШ доллары немесе 30,7%), Қытайдан (34,6 млн. АҚШ доллары немесе 16,8%), Түркиядан (24,6 млн. АҚШ доллары немесе 11,9%), Италиядан (20,2 млн. АҚШ доллары 9,8%), Беларусьсиядан (15,7 млн. АҚШ доллары, 7,6%) келеді.

Аумақтық бөліністе жиһаз компаниялары елдің барлық аймақтарында орналасқан. Бірақ еліміздің жиһаз өнімдері көлемінің 26,3%-ы Алматыда (14 млрд. теңге) өндірілетінін атап өту қажет.

МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-июль 2024 г.

53,3
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для столовой и гостиной
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)

125,1%
ИФО

\$6,0
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 68,9%
ОТП 31,1%



РЫНОК


\$205,9
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июнь 2024 г.

г. Алматы	14
Алматинская	7,2
Туркестанская	5
Павлодарская	4
г. Астана	3,6
ЗКО	2,9
Карагандинская	2,8
СКО	2,2
Ақмолинская	1,8
г. Шымкент	1,7
Костанайская	1,6
ВКО	1,4
Жамбылская	1,4
Ақтүбинская	1,2
Атырауская	0,6
Абай	0,6
Жетісу	0,3
Мангистауская	0,3
Қызылординская	0,3
Ұлытау	0



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ